

**ТҮРКІСТАН**

*Халықаралық саяси ақпараттық газеті*

## ЖАҚСЫ ҰСТАЗ АДАМҒА МӘНГІЛІК ҒҰМЫР СЫЙЛАЙДЫ

Біз ол кісіні “ағай” деп сыйлаймыз. Тәлім-тәрбие берген, дәрісін алған ұстаздар көп. Сол көп ұстаздың ішінде біздің курс үшін Сағатбек ағайдың жөні бір бөлек. Айналасына бар шәкірттерін шүпірлетіп ертіп алып, кейде тіпті тырнақалды дүниелеріміздің ішінде іліп алары болса соны бөлектеп, баспасөзді жағалап жүретін де Сағатбек ағай. Жақсы дүниемізді көрсе балаша қуанып, соны жарыққа шығарғанша асығатын ағайдың жөні бөлек болатын да себебі бар. Әдеттегідей редакцияның есігіннен кіріп келе жатқан Сағатбек ағайды көре салысымен, “О, ағай келдіңіз бе, төрлетіңіз!” дегенімше болған жоқ, ағай да іліп ала жөнелді:

– Кейде алдымнан шыққан шәкірттерім “Біздің ағайымыз келіпті” деп жатқан кезде, «Осы мен шын мәнінде ұстазға лайықпын ба?» деп ойға қалам. Тіпті, ұстазбын деп айта алам ба? Осы тұрғыдан келгенде, шәкірттердің алдында ұстаздың жауапкершілігі үлкен болады екен. 1986 жылы Сағат Әшімбаевпен алғаш танысқанымда, ол кісі менен: “Мектептегі ұстазың кім?” деп сұрады. Тұрсынхан апайымның атын айтып, ол кісінің Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің иегері екенін, Мәскеуге барып, жиынға қатысқанын айтып, мақтанып қойдым. “І-ім, жақсы екен. Меніңше, ұстаздың еңбегін ақтау, әрқашан ананың ақ сүтін ақтаумен бірдей” деді. Осы сөздің мәнін кейін көп ойландым. Қарасам, шын мәнінде Сағат Әшімбаев айтқандай, ұстаздың жүгі жеңіл емес екен. Анаң сені тоғыз ай, тоғыз күн, тоғыз сағат толғатып дүниеге алып келеді. Ана уызын таңдайыңа жібітіп, өсіреді, тәрбиелейді. Ал, оған ұстаз қалай бірдей болады деп ойланам ғой. Сөйтсем, ұстаз әріп танытады екен. Бір әріп ананың ақ сүтінің тамшысындай болады екен. Анаңның сүтін бір-екі жыл емуің мүмкін. Ал ұстаздың берген білім нәрін ғұмыр бойы оқып өтесің, сол арқылы дүние танысың. Сондықтан да мәңгілік қазына сыйлаған ұстаздың еңбегі ананың ақ сүтімен бірдей. Ұлылардың айтқаны бар екен. Дәл қазір кімнің айтқаны есімде жоқ, “әкең саған көп болса, жүз жыл ғұмыр сыйлар, бірақ ұстаз мәңгілік ғұмыр сыйлайды”. Осы тұрғыдан келгенде, жақсы ұстаз адамға мәңгілік ғұмыр сыйлайды. Осындай жауапкершілікті сезінген кезде, мен осындай ұстаз деген атқа лайықтымын ба деп ойлаймын.

**– Шындығында, аға, журналистиканың біраз терісін иледіңіз, ақындығыңыз бір бөлек. Солай бола тұра, ұстаздық жолды неге таңдадыңыз?**

– Жалпы, бір кездері ән айтатын үш баланы, сурет салатын төрт баланы, тағы бір өнерлі балаларды жинап алып, класс ашқым келеді деп ұстазыма айтқаным бар. Ол кезде жай ғана қиял ғой. Ол кісі: «Журналистика да жаман мамандық емес» деді. Бұл жай ғана менің көкейімде қалған ой. Кейінірек, 1997 жылы Намазәлі Омашев ағамыз, ұстазымыз журналистика факультетіне жұмысқа шақырды. Ол кісі: “Тәжірибең бар, баспаны көрдің, ортаны көрдің,

осы тәжірибенді үйрететін кезін жетті”, – деді. Бір кездегі қиялым осылай жүзеге асты. Алғашқы дәріс берген кезім де қызық. Тоқсан минут жетпей қалған.

**– Тоқсан минуттың қалай өткенін білмей қалған болдыңыз ғой.**

– Қоңырау соғылатын шығар деп ойлағам. Айтмұхаммед Есдәулетов деген құрдасым күледі. Ол маған Сәбит Мұқановтың дәріс бергенін айтып, бір қалжыңдап алды. Сөйтсем, Сәбенді дәріс оқуға шақырған ғой. Ол кісі үш күннен кейін, сабаққа келмей қалыпты. Артынан шақырайын деп барса, “Жұмысқа шық дегендерің не, мен бәрін айтып қойдым ғой” деген екен. “Сен де сол кісіге ұқсап, барлығын бір сабақта айтып қойып жүрме? Жоспар деген болады, бағдарлама жасау керек” деп түсіндірді.

Бала дәріс оқығаныңмен ғана білім алмайды. Бала сенің аудиторияға кіргеніңнен бастап, түр-тұлғана дейін, тіпті аяғыңнан бастап, шашыңа дейін сыни көзбен қарап алады. Айтар ойы бар ма, әлде шаршап келді ме, оны бірінші болып, студенттер байқайды. Кейде тоқсан минуттың бір секундтай өте шығуы мүмкін. Тоқсан минут сөйлеп, тобықтай бір нәрсе қалмауы мүмкін, кейде бір сәтке кіріп, тоқсан минуттық салмағы бар тобықтай нәрсені беруің мүмкін. Ұстаздық бірден келмейді, ұстаздық жылдар бойы жинақталатын дүние. Адамға деген жүрек жылуың болмаса, данышпандық ойларың олардың бойына сіңбейді. Адамның болашағына деген алаңдаушылығың сезіліп тұруы мүмкін. Сенің алдында қаншама тағдырлар бар. Ол тағдырлар ертең бүтін бір ұлттың тағдырын шешуі мүмкін. Сондықтан, ұстаздық дегеннің жауапкершілігі жоғары.

**– Біз Әуезовтің дәрісін алған жоқпыз. Бірақ, Қабдоловтың мектебінен өттік. Зейнолла ағай әр дәрісінде бізге Әуезовтің атын бір емес, бірнеше рет айтатын. Әуезовтің шығармашылығы бір төбе шығар, бірақ Қабдолов үшін ұстаздығы бір төбе болатын.**

– Айтайын дегенінді түсіндім. Мұқандардың адамға деген адамгершілік қасиеті өз алдына, терең ұшан-теңіз білім иесі еді ғой. Мен Әлкен Марғұланның дәрісін тыңдадым кезінде. Студентпіз. 1980 жылдар болуы керек. Аудиторияға адам сыймай кетті. Терезенің бәрі ашылған. Ине шаншар орын жоқ. Қай жерге бармаған, қай жердің архивін көрмеген десеңізші, ұшан-теңіз білім ағылып жатыр. Екі сағат жетпей қалды. Сонда бір байқағаным, ұлылық деген қарапайым болады екен. Білімді де сол қарапайым. Шын нәрсе, ақиқат нәрсе қысқа, шынайы, қарапайым болады.

**– Менің сұрайын дегенім, сіз айтып отырған Әлкей Марғұланның, Мұхтар Әуезовтің дәрісіне студенттер өздері іздеп келіп тыңдайды екен. Қазір сондай ұстаздар бар ма?**

– Жалпы, бұл ортаға байланысты. Қазіргі қоғамда білімге деген сұраныс бар ма? Білуге деген құштарлық, аңсау бар ма? Ол кезде бүгінгідей ақпарат аз, телевизия тапшы еді ғой. Газеттердің өзі бес-алты ғана болды. Ақпараттық кеңістік аз болғаннан кейін, олар ауызша естуге құмартты. Білмейтін нәрсеге деген құмарлық әркімнің бойында болды. Оны білуге деген талпыныс басым болды. Өзінің тамырын іздеу, аңсау, әр қазақтың бойында, әр студенттің қанында болды. Олар Алматыға атақ үшін келген жоқ. Осы талпыныс, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов сияқты ұлыларды іздетті. Тіпті, театрда бірнәрсе өтеді десе, соны көруге асығатын. Бір ақиқат, шындыққа деген құштарлық білімге деген ұмтылысты оятты. Біз тәуелсіздікті аңсадық. Қазақ деген халықтың ешкімнен кем еместігін дәлелдеу үшін қажет болды. Тәуелсіздікті алдық. Тарихымызды қайта жаңғырта бастадық. Солай кете береді екен деп ойлап едік, бірақ ұлттың тамырын іздеуге деген талпыныс саябырсып қалды.

– **Неге?**

– Өйткені, сен не үшін күресесің? Қай қажеттілік үшін күресуің керек?

– **Сіздің ойыңызша, бүгінгі қоғамда біздің бойымызда ешқандай қажеттілік жоқ дейсіз бе?**

– Сіздің де, біздің де бойымыздағы кешегі аңсау, яғни ұлттық құндылықтарды іздеу, соларды ардақтау жоқ. Ұлттық идеяның жүйесі жоқ. Сен ұлттық сана, ұлттық идея деп бастасаң, қалталы азаматтар сізге күле қарауы мүмкін. “Ұлттық құндылық дегеніміз біздің қалтамыздағы жасыл қағазымыз, қызметіміз, мансабымыз, машинамыз” деуі мүмкін. Бұл психологияны кешегі отарлау саясаты сіндірді. Кеңестік империя санаға сіндірген құлдық психология бұл. Әлгі шен-шекпен жауып, кеудесіне орден тағып жүрсе, мықтымын деп ойлайды. Яғни, қызметі болса, құрметтейді, қызметі болмаса құрметтемейді. Олар үшін ұлттық құндылық сол. Бізге енді рухани тәуелсіздік қажет болып тұр. Ал, оған жете алмай жатырмыз. Мен кейде ою оям. Осыны не үшін оям деп ойлаймын? Бірақ, менің бойымда сол ою оюға деген қажеттілік туады. Демек, бұл менің қанымда бар нәрсе. Еуропалық киім кигенімізбен, бір қыздың қамзолынан қазақтың әдемі оюын көрген кезде еріксіз қарайсың да, ішің жылиды. Әлгі ою сенің тамырыңды, қаныңды қозғайды. Ұлттық дыбыс та сенің бойыңда бар деген сөз. Ұлттық тамыр үшін, ұлттық таным үшін күресу жетпейді бізге..

## **ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫ ОЯТАТЫН ТЕТІК ТАППАЙ ОТЫРМЫЗ**

– **Кеше ғұламалардың лекцияларына, дәрістеріне ақпаратқа сусап барды дейсіз. Бүгінгі кезең ақпараттың кезеңі деп аталады. Сондай көп ақпараттық сұранысқа ие бола отырып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды неге іздемейміз?**

– Құдайға шүкір, тәуелсізбіз. Еңбек етсең бәрі бар. Талпынсаң бәріне де қол жеткізуге болады. Бірақ, адам баласына бір нәрсе үнемі жетпей тұрады. Ол не нәрсе?! Өткенде Пекинде олимпиада болды. Бақыт Сәрсекбаев рингке шыққанда, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін бәрі көк қобдишаның алдына телмірді. Бәрі де Бақыттың жеңісін аңсады. Неге? Бұл ұлттық намыс үшін. Сол ұлттық намысты оятатын тетік таппай отырмыз. “Жеңу – парыз емес, қатысу – парыз” деп жатамыз. Бірақ, солардың жеңгенін неге қаладық? Әлем алдында қазақ дейтін ұлттың намысы жоғары болса дедік. Бізде қазір ақпарат жетеді. Бірақ ұлттық ақпаратқа қарсы тағы бір тежеу бар сияқты. “Қазақстан” ұлттық арнасында күні кеше шыққан “Қыз қуу”, “Атамекен”, “Жеті күй”, “Жүз ән” сияқты ұлттық танымдық бағдарламалар аңсауға тамызық болатын тамшылар еді. Сол кезде сол арнаны іздеп көретін еді. Сондай бағдарламалар көбейе бастаған кезде әлдебіреулер сол топты кетуге мәжбүр етті. Демек, осы ұлттың оянуына кедергі болатын, қаламайтын сырт күштер бар. Алдыңғы жылы Путин Қазақстанға 38 млн. оқулық жіберді деп жаздыңдар. Сол кімге керек? Қазақ дүкендеріне кірсеңіздер, қазақ оқулықтары көрінбейтін бір бұрышта жатады. Бұл дегеніңіз сіздің санаңызды ақпаратпен жаулау, күң ету, улау. Ұлттық нақыштағы бейнелеу өнерін алайық. Осы тұрғыда Дәркембай Шоқпарұлы қаншама күштерді дәлелдеу үшін күресті. Оның жинаған дүниесі 3 мыңнан асатын экспонаттар мұражайлық деңгейде қалуы керек пе еді. Сол Дәркембай талбесіктен жербесікке дейінгі дүниелерді жаңғыртуға күш салды. Ұлттық психологияны дамыту үшін қажет пе солар. Қажет. Олар күнделікті тұрмыста қолданылатын нәрселер емес пе? Тоқымқағар жасауға кім қарсы болады? Бауырдан табақ алу деген ғұрып бар. Нәресте енді еңбектейін дегенде, тезірек бауырын көтеріп кетсін деп бауырдан табақ алдырады. Осы салт дәстүрлер тойларда, әр отбасы ошақ қасында неге жасалынбайды деп ойлайсың? Бұрын ешкім айтпай-ақ, өз-өзінен осы әдет-ғұрыптар жасалып жататын. Немесе танабау тағу. Бала алыс бір сапарға шығып келгенде, соған қуанып, танабау тағады. Ол әрі баланың тезірек есейіп, ержетуіне ырымдап жасайтын. Мұның бәрі далалық демократияның ашық көрінісі еді. Далалық демократияның мықтылығының арқасында ұлт ұлттық құндылығын жоғалтпаған еді. Олардың тамыры бір болды.

**– Ұлттық журналистикадан гөрі, орыс журналистикасының үлесі жоғары деп жатады. Қазақ журналистикасының бүгінгі деңгейіне көңіліңіз тола ма? Ұлттық журналистика қалыптасты деп ойлайсыз ба?**

– Ұлттық журналистика қалыптасып қойған. Өзінің даму жолында келе жатыр. Біз соны көрсете алмай келеміз. Ұлттық журналистиканың дәрежесі мен деңгейін төмендету үшін сырт күштердің қолдан жасап отырған нәрсесі. Экономикалық жағынан келеміз де, сырты жылтыраққа құмартамыз. Әдемі суретпен шыққан, әсем безендірілген орыс журналистикасы жақсы да, жай қағазға шыққан қазақ газеттері төмен бе, сонда?! Қазақ журналистикасы қазақ оқырманы үшін қажет. Журналистика деген ақпарат алу мен ақпарат

тарату емес. Оның танымдық, тәрбиелік жағы, қоғамдық сананы оятатын пәрменділік жағы бар. Сосын журналистиканы жарыстырудың қажеті жоқ. Ол оқырманның қажеттілігін өтесе болды емес пе?! Қаншама газет шығып жатыр, бәсекелестік қалыптасып келеді. Медиа-бизнес деген келді. Кейде сары басылым деп қоямыз. Сары басылымды көбірек оқысақ, онда деңгейіміз сол шамада деп ойлауымыз керек пе? Егер элиталық деңгейдегі газетті оқитын болса, онда сол интеллигенцияның деңгейінде деп ойлауымыз қажет. БАҚ деген оқырманның деңгейін дәлелдеп беретін айна. Яғни, біржақты кетуге болмайды.

**– Кезінде баспасөзге шыққан бір мақала билікке, қоғамға, сол ортаға әсер ететін, соған жауап беретін. Бүгінгі баспасөз сондай пәрменділік танытып отыр ма?**

– Бұрын оқырманмен баспасөздің арасында жұмыс істейтін арнайы бөлім болатын. Газеттің бетінде бір сын мақала шықты ма, оған жауап келетін тиісті орындардан. Оған шара, жаза қолданылатын. Ақпарат құралымен оқырманның байланысы жақсы еді. Қазір сол байланыстың тетігі жоқ. Бірақ газет оқылмайды емес, оқылады. Бұрынғыдай мақаладан кейін жиналыс жасап, партиядан шығарып тастамаса да, газетке өзі үшін жазылады. Күнделікті ақпаратты өздері үшін қарайды. Тек, бізде әкімшілік-әміршілдік жүйеден арылмағанымыз болмаса, ақпаратты кез келген газеттен ала алады. Оппозиция не жазып жатыр, жалпы бұқаралық ақпарат құралдары не жазып жатыр деп екеуін бірдей қарап отырады. Кейде өзіміз де бәрін бірдей салыстырып оқуға тырысамыз. Ешкім ешкімге қарсы ешнәрсе айтып жатқан жоқ. Цензура деген жоқ. Біржақты бірбеткей кетуге болмайды. Баспасөзде еркіндік бар. Бізде “сөз бостандығы жоқ” дейді, меніңше ол дұрыс емес. Біз сөз бостандығын дұрыс пайдалана алмай жатырмыз.

## **ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗІ ЗЕРТТЕУДЕН ТҰРАДЫ**

**– Тарихи ескерткіштерді, тамырсыз тастарды зерттеп, тіл бітіріп жүрсіз... Бұл сіз үшін хобби ме?**

– Қажеттілік пе, аңсау дейміз бе? Мен туған өлкеде болдың ба?

**– Қарқара жайлауында болғаным бар.**

– Бала кезімде сол Қарқара не мағына береді деп көп ойлайтынмын. Тіпті әдебиет пәнінің мұғалімінен сұрағаным да бар. Ол кісі: “Қарқараның не мағына беретінін білмеймін. Бірақ Қарқара туралы бір аңызды естігенім бар. Ежелгі кезде біздің ата-бабаларымыз жайлау іздеп осы маңға келіпті. Сонда Қарқараның төбесінде шілденің күнінде күнгеінде аппақ қар жатады екен. Сол қарды көріп: “Ойбай, ана қарды қара, қарды қара деп” содан Қарқара аталып кетіпті деседі. Бұл бір қарасаң, менің туған жерім, бір қарасам ата-бабаларымның атамекені ме деп олаймын. Бұл Қарқара деген атау

Қазақстанда ғана емес, Қырғызстанда да, Хакасияда да, Кавказда да бар. Жер атаулары. Басқаларын зерттей қойғаным жоқ. Бізде, қазақта, қарқара деген – бас киім атауы. Ол тымақ, түйе көштің басына қойылатын қауырсындар, алтын адамның басындағы төрт шошақ, қарқара төрт түмен басы деген сияқты. Бір қызығы, грузиндерде құмғанды қарқара деп атайды екен. Әлі күнге дейін дәл мағынасын таба қойғам жоқ. Шамалап қалдым. Қар деген тау емес, тас деген мағынаны да білдіреді екен. Қарқара дегені тау-тас дегені. Ұлы, үлкен, биік деген мағынаны білдіреді. Биік, таулы жер деген сөз. Бұл менің хоббиім бе? Журналист деген зерттеуші халық. Мені ғылымға апарған осы журналистика. Бұл өзі ғылым. Бексұлтан Нұржекеевтің “Егемен Қазақстанға” үйсіннің астанасының қай жерде екендігі туралы жауап мақаласы шықты. Ол кісі мені Бекен Нұрмағамбетов деген ақсақалға ертіп барды. Ол кісі алтын адамды тапқан кісі. Ол кісінің ойы бойынша, үйсіннің астанасы Есік қаласының маңындағы Рахат ауылындағы төбелер болуы керек. Кейінірек Ұзынағаштағы құдамның ауылына бара жатқанымда жолда құм төбелер көзге түсті. Әлгі төбелер сол Рахатта көргенімнен аумайды. Қолмен үйіп-үйіп қойған сияқты. Осы жерде де қорған болған шығар. Төрт-бес студентімді ерттім де, “Қайдасың Құмтекей?” деп соған тартып отырдық. Бізді бастап барған тастанушы ғалым, академик Жакен Таймағамбетов. Төбешіктер, құм үйіліп қалған. “Тас теріндер” деді. “Мынау керек емес, мынау керек” деп, жиғанымыздың бәрін күркесін жайып, соған тастатты. Әлгі тастарға қарап отырып, ежелгі адамдардың қорығы болғанын анықтады. Алғашқы тас дәуірінде мұнда тұрақ болған. Оған дәлел мына тас. Демек, бұл қазақ мемлекетінің қазығы болған үйсіндердің ұшығы сонда жатыр деген сөз.

P.S. Сағатбек Медеубекұлының тастарды зерттеумен қатар, әншілік-күйшілік мектепті де жинайтын өнері бар. Жетісудің ән жыры мен күйлерін жинақтап, кітап етіп шығарғанын да өнерсүйер қауым жақсы біледі. Әрі ұстаз, әрі қаламгер, әрі журналист Сағатбек Медеубекұлы жуырда Жазушылар одағында “Тамырсыз таста тарих бар” атты шығармашылық кешін өткізбек.

*Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАСОВА*

## ЖАҚСЫ ҰСТАЗ АДАМҒА МӘНГІЛІК ҒҰМЫР СЫЙЛАЙДЫ

Біз ол кісіні “ағай” деп сыйлаймыз. Тәлім-тәрбие берген, дәрісін алған ұстаздар көп. Сол көп ұстаздың ішінде біздің курс үшін Сағатбек ағайдың жөні бір бөлек. Айналасына бар шәкірттерін шүпірлетіп ертіп алып, кейде тіпті тырнақалды дүниелеріміздің ішінде іліп алары болса соны бөлектеп, баспасөзді жағалап жүретін де Сағатбек ағай. Жақсы дүниемізді көрсе балаша қуанып, соны жарыққа шығарғанша асығатын ағайдың жөні бөлек болатын да себебі бар. Әдеттегідей редакцияның есігіннен кіріп келе жатқан Сағатбек ағайды көре салысымен, “О, ағай келдіңіз бе, төрлетіңіз!” дегенімше болған жоқ, ағай да іліп ала жөнелді:

– Кейде алдымнан шыққан шәкірттерім “Біздің ағайымыз келіпті” деп жатқан кезде, «Осы мен шын мәнінде ұстазға лайықпын ба?» деп ойға қалам. Тіпті, ұстазбын деп айта алам ба? Осы тұрғыдан келгенде, шәкірттердің алдында ұстаздың жауапкершілігі үлкен болады екен. 1986 жылы Сағат Әшімбаевпен алғаш танысқанымда, ол кісі менен: “Мектептегі ұстазың кім?” деп сұрады. Тұрсынхан апайымның атын айтып, ол кісінің Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің иегері екенін, Мәскеуге барып, жиынға қатысқанын айтып, мақтанып қойдым. “І-ім, жақсы екен. Меніңше, ұстаздың еңбегін ақтау, әрқашан ананың ақ сүтін ақтаумен бірдей” деді. Осы сөздің мәнін кейін көп ойландым. Қарасам, шын мәнінде Сағат Әшімбаев айтқандай, ұстаздың жүгі жеңіл емес екен. Анаң сені тоғыз ай, тоғыз күн, тоғыз сағат толғатып дүниеге алып келеді. Ана уызын таңдайыңа жібітіп, өсіреді, тәрбиелейді. Ал, оған ұстаз қалай бірдей болады деп ойланам ғой. Сөйтсем, ұстаз әріп танытады екен. Бір әріп ананың ақ сүтінің тамшысындай болады екен. Анаңның сүтін бір-екі жыл емуің мүмкін. Ал ұстаздың берген білім нәрін ғұмыр бойы оқып өтесің, сол арқылы дүние танысың. Сондықтан да мәңгілік қазына сыйлаған ұстаздың еңбегі ананың ақ сүтімен бірдей. Ұлылардың айтқаны бар екен. Дәл қазір кімнің айтқаны есімде жоқ, “әкең саған көп болса, жүз жыл ғұмыр сыйлар, бірақ ұстаз мәңгілік ғұмыр сыйлайды”. Осы тұрғыдан келгенде, жақсы ұстаз адамға мәңгілік ғұмыр сыйлайды. Осындай жауапкершілікті сезінген кезде, мен осындай ұстаз деген атқа лайықтымын ба деп ойлаймын.

**– Шындығында, аға, журналистиканың біраз терісін иледіңіз, ақындығыңыз бір бөлек. Солай бола тұра, ұстаздық жолды неге таңдадыңыз?**

– Жалпы, бір кездері ән айтатын үш баланы, сурет салатын төрт баланы, тағы бір өнерлі балаларды жинап алып, класс ашқым келеді деп ұстазыма айтқаным бар. Ол кезде жай ғана қиял ғой. Ол кісі: «Журналистика да жаман мамандық емес» деді. Бұл жай ғана менің көкейімде қалған ой. Кейінірек, 1997 жылы Намазәлі Омашев ағамыз, ұстазымыз журналистика факультетіне жұмысқа шақырды. Ол кісі: “Тәжірибең бар, баспаны көрдің, ортаны көрдің,



осы тәжірибенді үйрететін кезің жетті”, – деді. Бір кездегі қиялым осылай жүзеге асты. Алғашқы дәріс берген кезім де қызық. Тоқсан минут жетпей қалған.

**– Тоқсан минуттың қалай өткенін білмей қалған болдыңыз ғой.**

– Қоңырау соғылатын шығар деп ойлағам. Айтмұхаммед Есдәулетов деген құрдасым күледі. Ол маған Сәбит Мұқановтың дәріс бергенін айтып, бір қалжыңдап алды. Сөйтсем, Сәбенді дәріс оқуға шақырған ғой. Ол кісі үш күннен кейін, сабаққа келмей қалыпты. Артынан шақырайын деп барса, “Жұмысқа шық дегендерің не, мен бәрін айтып қойдым ғой” деген екен. “Сен де сол кісіге ұксап, барлығын бір сабақта айтып қойып жүрме? Жоспар деген болады, бағдарлама жасау керек” деп түсіндірді.

Бала дәріс оқығаныңмен ғана білім алмайды. Бала сенің аудиторияға кіргеніннен бастап, түр-тұлғана дейін, тіпті аяғыңнан бастап, шашыңа дейін сыни көзбен қарап алады. Айтар ойы бар ма, әлде шаршап келді ме, оны бірінші болып, студенттер байқайды. Кейде тоқсан минуттың бір секундтай өте шығуы мүмкін. Тоқсан минут сөйлеп, тобықтай бір нәрсе қалмауы мүмкін, кейде бір сәтке кіріп, тоқсан минуттық салмағы бар тобықтай нәрсені беруің мүмкін. Ұстаздық бірден келмейді, ұстаздық жылдар бойы жинақталатын дүние. Адамға деген жүрек жылуың болмаса, данышпандық ойларың олардың бойына сіңбейді. Адамның болашағына деген алаңдаушылығың сезіліп тұруы мүмкін. Сенің алдыңда қаншама тағдырлар бар. Ол тағдырлар ертең бүтін бір ұлттың тағдырын шешуі мүмкін. Сондықтан, ұстаздық дегеннің жауапкершілігі жоғары.

**– Біз Әуезовтің дәрісін алған жоқпыз. Бірақ, Қабдоловтың мектебінен өттік. Зейнолла ағай әр дәрісінде бізге Әуезовтің атын бір емес, бірнеше рет айтатын. Әуезовтің шығармашылығы бір төбе шығар, бірақ Қабдолов үшін ұстаздығы бір төбе болатын.**

– Айтайын дегеніңді түсіндім. Мұқандардың адамға деген адамгершілік қасиеті өз алдына, терең ұшан-теңіз білім иесі еді ғой. Мен Әлкен Марғұланның дәрісін тындадым кезінде. Студентпіз. 1980 жылдар болуы керек. Аудиторияға адам сыймай кетті. Терезенің бәрі ашылған. Ине шаншар орын жоқ. Қай жерге бармаған, қай жердің архивін көрмеген десеңізші, ұшан-теңіз білім ағылып жатыр. Екі сағат жетпей қалды. Сонда бір байқағаным, ұлылық деген қарапайым болады екен. Білімді де сол қарапайым. Шын нәрсе, ақиқат нәрсе қысқа, шынайы, қарапайым болады.

**– Менің сұрайын дегенім, сіз айтып отырған Әлкей Марғұланның, Мұхтар Әуезовтің дәрісіне студенттер өздері іздеп келіп тындайды екен. Қазір сондай ұстаздар бар ма?**

– Жалпы, бұл ортаға байланысты. Қазіргі қоғамда білімге деген сұраныс бар ма? Білуге деген құштарлық, аңсау бар ма? Ол кезде бүгінгідей ақпарат аз, телевизия тапшы еді ғой. Газеттердің өзі бес-алты ғана болды. Ақпараттық кеңістік аз болғаннан кейін, олар ауызша естуге құмартты. Білмейтін нәрсеге деген құмарлық әркімнің бойында болды. Оны білуге деген талпыныс басым болды. Өзінің тамырын іздеу, аңсау, әр қазақтың бойында, әр студенттің қанында болды. Олар Алматыға атақ үшін келген жоқ. Осы талпыныс, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов сияқты ұлыларды іздетті. Тіпті, театрда бірнәрсе өтеді десе, соны көруге асығатын. Бір ақиқат, шындыққа деген құштарлық білімге деген ұмтылысты оятты. Біз тәуелсіздікті аңсадық. Қазақ деген халықтың ешкімнен кем еместігін дәлелдеу үшін қажет болды. Тәуелсіздікті алдық. Тарихымызды қайта жаңғырта бастадық. Солай кете береді екен деп ойлап едік, бірақ ұлттың тамырын іздеуге деген талпыныс саябырсып қалды.

– **Неге?**

– Өйткені, сен не үшін күресесің? Қай қажеттілік үшін күресуің керек?

– **Сіздің ойыңызша, бүгінгі қоғамда біздің бойымызда ешқандай қажеттілік жоқ дейсіз бе?**

– Сіздің де, біздің де бойымыздағы кешегі аңсау, яғни ұлттық құндылықтарды іздеу, соларды ардақтау жоқ. Ұлттық идеяның жүйесі жоқ. Сен ұлттық сана, ұлттық идея деп бастасаң, қалталы азаматтар сізге күле қарауы мүмкін. “Ұлттық құндылық дегеніміз біздің қалтамыздағы жасыл қағазымыз, қызметіміз, мансабымыз, машинамыз” деуі мүмкін. Бұл психологияны кешегі отарлау саясаты сіндірді. Кеңестік империя санаға сіңірген құлдық психология бұл. Әлгі шен-шекпен жауып, кеудесіне орден тағып жүрсе, мықтымын деп ойлайды. Яғни, қызметі болса, құрметтейді, қызметі болмаса құрметтемейді. Олар үшін ұлттық құндылық сол. Бізге енді рухани тәуелсіздік қажет болып тұр. Ал, оған жете алмай жатырмыз. Мен кейде ою оям. Осыны не үшін оям деп ойлаймын? Бірақ, менің бойымда сол ою оюға деген қажеттілік туады. Демек, бұл менің қанымда бар нәрсе. Еуропалық киім кигенімізбен, бір қыздың қамзолынан қазақтың әдемі оюын көрген кезде еріксіз қарайсың да, ішің жылиды. Әлгі ою сенің тамырыңды, қаныңды қозғайды. Ұлттық дыбыс та сенің бойыңда бар деген сөз. Ұлттық тамыр үшін, ұлттық таным үшін күресу жетпейді бізге..

## **ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫ ОЯТАТЫН ТЕТІК ТАПШАЙ ОТЫРМЫЗ**

– **Кеше ғұламалардың лекцияларына, дәрістеріне ақпаратқа сусап барды дейсіз. Бүгінгі кезең ақпараттың кезеңі деп аталады. Сондай көп ақпараттық сұранысқа ие бола отырып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды неге іздемейміз?**

– Құдайға шүкір, тәуелсізбіз. Еңбек етсең бәрі бар. Талпынсаң бәріне де қол жеткізуге болады. Бірақ, адам баласына бір нәрсе үнемі жетпей тұрады. Ол не нәрсе?! Өткенде Пекинде олимпиада болды. Бақыт Сәрсекбаев рингке шыққанда, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін бәрі көк қобдишаның алдына телмірді. Бәрі де Бақыттың жеңісін аңсады. Неге? Бұл ұлттық намыс үшін. Сол ұлттық намысты оятатын тетік таппай отырмыз. “Жену – парыз емес, қатысу – парыз” деп жатамыз. Бірақ, солардың жеңгенін неге қаладық? Әлем алдында қазақ дейтін ұлттың намысы жоғары болса дедік. Бізде қазір ақпарат жетеді. Бірақ ұлттық ақпаратқа қарсы тағы бір тежеу бар сияқты. “Қазақстан” ұлттық арнасында күні кеше шыққан “Қыз қуу”, “Атамекен”, “Жеті күй”, “Жүз ән” сияқты ұлттық танымдық бағдарламалар аңсауға тамызық болатын тамшылар еді. Сол кезде сол арнаны іздеп көретін еді. Сондай бағдарламалар көбейе бастаған кезде әлдебіреулер сол топты кетуге мәжбүр етті. Демек, осы ұлттың оянуына кедергі болатын, қаламайтын сырт күштер бар. Алдыңғы жылы Путин Қазақстанға 38 млн. оқулық жіберді деп жаздыңдар. Сол кімге керек? Қазақ дүкендеріне кірсеніздер, қазақ оқулықтары көрінбейтін бір бұрышта жатады. Бұл дегеніңіз сіздің санаңызды ақпаратпен жаулау, күң ету, улау. Ұлттық нақыштағы бейнелеу өнерін алайық. Осы тұрғыда Дәркембай Шокпарұлы қаншама күштерді дәлелдеу үшін күресті. Оның жинаған дүниесі 3 мыңнан асатын экспонаттар мұражайлық деңгейде қалуы керек пе еді. Сол Дәркембай талбесіктен жербесікке дейінгі дүниелерді жаңғыртуға күш салды. Ұлттық психологияны дамыту үшін қажет пе солар. Қажет. Олар күнделікті тұрмыста қолданылатын нәрселер емес пе? Тоқымқағар жасауға кім қарсы болады? Бауырдан табақ алу деген ғұрып бар. Нәресте енді еңбектейін дегенде, тезірек бауырын көтеріп кетсін деп бауырдан табақ алдырады. Осы салт дәстүрлер тойларда, әр отбасы ошақ қасында неге жасалынбайды деп ойлайсың? Бұрын ешкім айтпай-ақ, өз-өзінен осы әдет-ғұрыптар жасалып жататын. Немесе танабау тағу. Бала алыс бір сапарға шығып келгенде, соған қуанып, танабау тағады. Ол әрі баланың тезірек есейіп, ержетуіне ырымдап жасайтын. Мұның бәрі далалық демократияның ашық көрінісі еді. Далалық демократияның мықтылығының арқасында ұлт ұлттық құндылығын жоғалтпаған еді. Олардың тамыры бір болды.

**– Ұлттық журналистикадан гөрі, орыс журналистикасының үлесі жоғары деп жатады. Қазақ журналистикасының бүгінгі деңгейіне көңіліңіз тола ма? Ұлттық журналистика қалыптасты деп ойлайсыз ба?**

– Ұлттық журналистика қалыптасып қойған. Өзінің даму жолында келе жатыр. Біз соны көрсете алмай келеміз. Ұлттық журналистиканың дәрежесі мен деңгейін төмендету үшін сырт күштердің қолдан жасап отырған нәрсесі. Экономикалық жағынан келеміз де, сырты жылтыраққа құмартамыз. Әдемі суретпен шыққан, әсем безендірілген орыс журналистикасы жақсы да, жай қағазға шыққан қазақ газеттері төмен бе, сонда?! Қазақ журналистикасы қазақ оқырманы үшін қажет. Журналистика деген ақпарат алу мен ақпарат

тарату емес. Оның танымдық, тәрбиелік жағы, қоғамдық сананы оятатын пәрменділік жағы бар. Сосын журналистиканы жарыстырудың қажеті жоқ. Ол оқырманның қажеттілігін өтесе болды емес пе?! Қаншама газет шығып жатыр, бәсекелестік қалыптасып келеді. Медиа-бизнес деген келді. Кейде сары басылым деп қоямыз. Сары басылымды көбірек оқысақ, онда деңгейіміз сол шамада деп ойлауымыз керек пе? Егер элиталық деңгейдегі газетті оқитын болса, онда сол интеллигенцияның деңгейінде деп ойлауымыз қажет. БАҚ деген оқырманның деңгейін дәлелдеп беретін айна. Яғни, біржақты кетуге болмайды.

**– Кезінде баспасөзге шыққан бір мақала билікке, қоғамға, сол ортаға әсер ететін, соған жауап беретін. Бүгінгі баспасөз сондай пәрменділік танытып отыр ма?**

– Бұрын оқырманмен баспасөздің арасында жұмыс істейтін арнайы бөлім болатын. Газеттің бетінде бір сын мақала шықты ма, оған жауап келетін тиісті орындардан. Оған шара, жаза қолданылатын. Ақпарат құралымен оқырманның байланысы жақсы еді. Қазір сол байланыстың тетігі жоқ. Бірақ газет оқылмайды емес, оқылады. Бұрынғыдай мақаладан кейін жиналыс жасап, партиядан шығарып тастамаса да, газетке өзі үшін жазылады. Күнделікті ақпаратты өздері үшін қарайды. Тек, бізде әкімшілік-әміршілдік жүйеден арылмағанымыз болмаса, ақпаратты кез келген газеттен ала алады. Оппозиция не жазып жатыр, жалпы бұқаралық ақпарат құралдары не жазып жатыр деп екеуін бірдей қарап отырады. Кейде өзіміз де бәрін бірдей салыстырып оқуға тырысамыз. Ешкім ешкімге қарсы ешнәрсе айтып жатқан жоқ. Цензура деген жоқ. Біржақты бірбеткей кетуге болмайды. Баспасөзде еркіндік бар. Бізде “сөз бостандығы жоқ” дейді, меніңше ол дұрыс емес. Біз сөз бостандығын дұрыс пайдалана алмай жатырмыз.

## **ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗІ ЗЕРТТЕУДЕН ТҰРАДЫ**

**– Тарихи ескерткіштерді, тамырсыз тастарды зерттеп, тіл бітіріп жүрсіз... Бұл сіз үшін хобби ме?**

– Қажеттілік пе, аңсау дейміз бе? Мен туған өлкеде болдың ба?

**– Қарқара жайлауында болғаным бар.**

– Бала кезімде сол Қарқара не мағына береді деп көп ойлайтынмын. Тіпті әдебиет пәнінің мұғалімінен сұрағаным да бар. Ол кісі: “Қарқараның не мағына беретінін білмеймін. Бірақ Қарқара туралы бір аңызды естігенім бар. Ежелгі кезде біздің ата-бабаларымыз жайлау іздеп осы маңға келіпті. Сонда Қарқараның төбесінде шілденің күнінде күнгедейінде аппақ қар жатады екен. Сол қарды көріп: “Ойбай, ана қарды қара, қарды қара деп” содан Қарқара аталып кетіпті деседі. Бұл бір қарасаң, менің туған жерім, бір қарасам ата-бабаларымның атамекені ме деп олаймын. Бұл Қарқара деген атау

Қазақстанда ғана емес, Қырғызстанда да, Хакасияда да, Кавказда да бар. Жер атаулары. Басқаларын зерттей қойғаным жоқ. Бізде, қазақта, қарқара деген – бас киім атауы. Ол тымақ, түйе көштің басына қойылатын қауырсындар, алтын адамның басындағы төрт шошак, қарқара төрт түмен басы деген сияқты. Бір қызығы, грузиндерде құмғанды қарқара деп атайды екен. Әлі күнге дейін дәл мағынасын таба қойғам жоқ. Шамалап қалдым. Қар деген тау емес, тас деген мағынаны да білдіреді екен. Қарқара дегені тау-тас дегені. Ұлы, үлкен, биік деген мағынаны білдіреді. Биік, таулы жер деген сөз. Бұл менің хоббиім бе? Журналист деген зерттеуші халық. Мені ғылымға апарған осы журналистика. Бұл өзі ғылым. Бексұлтан Нұржекеевтің “Егемен Қазақстанға” үйсіннің астанасының қай жерде екендігі туралы жауап мақаласы шықты. Ол кісі мені Бекен Нұрмағамбетов деген ақсақалға ертіп барды. Ол кісі алтын адамды тапқан кісі. Ол кісінің ойы бойынша, үйсіннің астанасы Есік қаласының маңындағы Рахат ауылындағы төбелер болуы керек. Кейінірек Ұзынағаштағы құдамның ауылына бара жатқанымда жолда құм төбелер көзге түсті. Әлгі төбелер сол Рахатта көргенімнен аумайды. Қолмен үйіп-үйіп қойған сияқты. Осы жерде де қорған болған шығар. Төрт-бес студентімді ерттім де, “Қайдасың Құмтекей?” деп соған тартып отырдық. Бізді бастап барған тастанушы ғалым, академик Жакен Таймағамбетов. Төбешіктер, құм үйіліп қалған. “Тас теріндер” деді. “Мынау керек емес, мынау керек” деп, жиғанымыздың бәрін күркесін жайып, соған тастатты. Әлгі тастарға қарап отырып, ежелгі адамдардың қорығы болғанын анықтады. Алғашқы тас дәуірінде мұнда тұрақ болған. Оған дәлел мына тас. Демек, бұл қазақ мемлекетінің қазығы болған үйсіндердің ұшығы сонда жатыр деген сөз.

P.S. Сағатбек Медеубекұлының тастарды зерттеумен қатар, әншілік-күйшілік мектепті де жинайтын өнері бар. Жетісудің ән жыры мен күйлерін жинақтап, кітап етіп шығарғанын да өнерсүйер қауым жақсы біледі. Әрі ұстаз, әрі қаламгер, әрі журналист Сағатбек Медеубекұлы жуырда Жазушылар одағында “Тамырсыз таста тарих бар” атты шығармашылық кешін өткізбек.

*Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАСОВА*